

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысының кейбір құрылымдық элементтерінің қолданылуын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 34 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 26 наурызда № 20168 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 6 т. қараңыз

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15863 болып тіркелген, 2017 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 1-тармағы б) және 10) тармақшаларының қолданылуы 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

3. Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 3-тармағының алтыншы және он бесінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Е. Досаев

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігі

2020 жылғы "___" _____

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

2020 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 19 наурыздағы
№ 34 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11162 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы және "Мемлекеттік статистика" туралы 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

1-тармақтың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес банктердің Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге капиталдандыру коэффициентінің талдамасы туралы есептің нысаны;"

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 20-1, 20-2 және 21-қосымшалар Қазақстан Республикасының есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 22-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Банктердің ірі қатысушылары, банк холдингтері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушылары, сақтандыру холдингтері, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушылары, инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызына ие (дауыс беру мүмкіндігі бар) ірі қатысушылар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 315 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14832 болып тіркелген, 2017 жылғы 13 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктердің ірі қатысушылары, банк холдингтері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушылары, сақтандыру холдингтері, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушылары, екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес банктердің ірі қатысушылары, банк холдингтері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушылары, сақтандыру холдингтері, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушылары, екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысының кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің нысаны;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы туралы мәліметтердің нысаны;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің лауазымды тұлғалары туралы мәліметтердің нысаны;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі және сақтандыру холдингі заңды тұлға болып табылатын, қатысушысы (акционері) болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтердің нысаны;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушылары (акционерлері) туралы мәліметтердің, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысын, банк холдингін, сақтандыру холдингін бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы мәліметтердің нысаны;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес байланысты тұлғалармен, оның ішінде үлестес тұлғалармен есепті кезең ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күндегі жағдай бойынша қолданыстағы мәмілелер туралы мәліметтердің нысаны және байланысты тұлғалардың, оның ішінде үлестес тұлғалардың тізілімі;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау жөніндегі жұмыс кестелерінің талдамасы туралы есептің нысаны;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес шоғырландырылған және шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің нысаны және оған түсіндірме жазба;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің, заңды немесе жеке тұлға болып табылатын екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына, банк холдингіне, сақтандыру холдингіне тиесілі екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акциялары санының

және (немесе) пайыздық арақатынасының өзгеруі туралы мәліметтердің нысаны, сондай-ақ акцияларды сатып алу үшін пайдаланылатын қаражат көздері;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес сақтандыру тобына қатысушылардың сақтандыру тобы меншікті капиталының он және одан көп пайызы болатын, есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы, үшінші тұлғалар (тұлғалар тобы) алдындағы барлық міндеттемелері туралы мәліметтердің нысаны;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес есепті кезең ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күндегі жағдай бойынша қолданыстағы сақтандыру тобының топ ішіндегі мәмілелер туралы мәліметтерінің нысаны;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес Екінші деңгейдегі банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ірі қатысушыларының, екінші деңгейдегі банктердің есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Екінші деңгейдегі банктердің ірі қатысушылары, банк холдингтері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушылары, сақтандыру холдингтері, инвестициялық портфельді басқарушылардың ірі қатысушылары, екінші деңгейдегі банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта мынадай есептілікті:

1) екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген есептілікті жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде;

2) екінші деңгейдегі банктің ірі қатысушысы мәртебесі бар екінші деңгейдегі банкті немесе банк холдингін қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға болып табылатын екінші деңгейдегі банктің ірі қатысушысы, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын банк холдингі:

осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей ;

осы қаулының 1-тармағының 6) тармақшасында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей;

3) сақтандыру холдингі мәртебесі бар екінші деңгейдегі банктерді, сондай-ақ сақтандыру холдингі мәртебесі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қоспағанда , Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын сақтандыру холдингі осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесі бар екінші деңгейдегі банктерді, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6), 7) және 9) тармақшаларында көзделген есептілікті - жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесі бар екінші деңгейдегі банктерді, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі мәртебесі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру холдингі болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлға болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;

6) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесі бар екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлға болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген есептілікті жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;

7) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесі бар екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызына ие (дауыс беру мүмкіндігі бар), заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушы осы қаулының 1-тармағының 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;

8) инвестициялық портфельді басқарушыда инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызына ие (дауыс беру мүмкіндігі бар) ірі қатысушысы болмаған жағдайда, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесі бар екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлға және Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;

9) банк конгломератының құрамына кіретін банк холдингі, екінші деңгейдегі банк, сақтандыру тобының құрамына кіретін сақтандыру холдингі осы қаулының 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген есептілікті:

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей;

жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде;

10) Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға болып табылатын екінші деңгейдегі банктің ірі қатысушысы, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын банк холдингі, сақтандыру холдингі, банк холдингі жоқ, банк конгломератының құрамына кіретін екінші деңгейдегі банк осы қаулының 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген есептілікті шоғырландырылмаған қаржылық есептілік бөлігінде:

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей;

жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде;

шоғырландырылмаған қаржылық есептілік бөлігінде:

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік отыз күн ішінде;

жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде;

11) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру холдингі болмаған жағдайда, заңды тұлға болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген есептілікті шоғырландырылмаған қаржылық есептілік бөлігінде:

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;

жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде;

12) Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлға болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген есептілікті жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде;

13) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызына ие (дауыс беру мүмкіндігі бар) заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушы осы қаулының 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген есептілікті шоғырландырылған қаржылық есептілік бөлігінде:

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей;

жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде;

шоғырландырылмаған қаржылық есептілік бөлігінде:

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;

жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде;

14) инвестициялық портфельді басқарушыда инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызына ие (дауыс беру мүмкіндігі бар) ірі қатысушысы болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлға болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы осы қаулының 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген есептілікті шоғырландырылған қаржылық есептілік бөлігінде:

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей;
жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде;
шоғырландырылмаған қаржылық есептілік бөлігінде:

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;
жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде;

15) заңды немесе жеке тұлға болып табылатын екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі осы қаулының 1-тармағының 10) тармақшасында көзделген есептілікті оған тиесілі акциялардың санын және (немесе) пайыздық арақатынасын өзгерту туралы шешімді қабылдаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде;

16) сақтандыру тобының құрамына кіретін сақтандыру холдингі осы қаулының 1-тармағының 11) және 12) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей;

17) екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы, банк холдингі, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру холдингі жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде – шоғырландырылған, бар болса - шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және оған аудиторлық ұйым растаған мемлекеттік немесе орыс тілдерінде түсіндірме жазбаны ұсынады.

Түсіндірме жазба өзі орналасқан елдің тиісті қадағалау органының талаптарына сәйкес жасалады;

18) Қазақстан Республикасының бейрезидент - банк холдингі осы қаулының 1-тармағының 6) тармақшасында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей ұсынады.";

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшалар Тізбеге 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34 және 35-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15863 болып тіркелген, 2017 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы және "Қазақстан

Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

1-тармақ мынадай мазмұндағы 20-1) және 20-2) тармақшалармен толықтырылсын:

20-1) осы қаулыға 20-1-қосымшаға сәйкес міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;

20-2) осы қаулыға 20-2-қосымшаға сәйкес шартты зейнетақы міндеттемелерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ай сайын:

осы қаулының 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген есептілікті - есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың жиырмамынан кешіктірмей;

осы қаулының 1-тармағының 3), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19) 20-1) және 20-2) тармақшаларында көзделген есептілікті - есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей;"

7-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы қаулының 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағының 14) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.";

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20-қосымшалар Тізбеге 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54 және 55-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 56-қосымшаға сәйкес редакцияда 20-1-қосымшамен толықтырылсын;

Тізбеге 57-қосымшаға сәйкес редакцияда 20-2-қосымшамен толықтырылсын;

21 қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті табыс ету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 18-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 51-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі – Қор) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) есептілікті табыс ету тәртібін айқындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Электрондық форматтағы есептілік табыс етілетін деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін тасымалдау жүйесін пайдалану арқылы Ұлттық Банкке табыс етіледі."

Қазақстан Республикасының
есептілікті ұсыну
мәселелері бойынша
өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
1-қосымша
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 8 мамырдағы
№ 75 қаулысына
1-қосымша

Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесі

Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігіне мыналар кіреді:

- 1) пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есеп;
- 2) кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы туралы есеп;
- 3) кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есеп;
- 4) кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген туынды қаржы құралдары бойынша шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің талдамасы туралы есеп ;
- 5) айрықша пайыздық тәуекелді есептеудің (валюталар бөлігінде) талдамасы туралы есеп;
- 6) уақыт аралықтары бойынша ашық позицияларды бөлу (валюталар бөлігінде) туралы есеп;
- 7) жалпы пайыздық тәуекелді есептеудің (валюталар бөлігінде) талдамасы туралы есеп;
- 8) бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің (қарыз алушылар бөлігінде) ең жоғары мөлшерінің талдамасы туралы есеп;
- 9) k4 ағымдағы өтімділік коэффициентінің талдамасы туралы есеп;
- 10) k4-1, k4-2, k4-3 мерзімді өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есеп;
- 11) k4-4, k4-5, k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есеп;

12) аптаның (айдың) әрбір жұмыс күні үшін әрбір шетел валютасы бойынша валюталық позициялар және валюталық нетто-позиция туралы есеп;

13) ішкі активтердің, ішкі және өзге міндеттемелердің орташа айлық шамасын, қаражат бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициентін есептеу туралы есеп;

14) банктерді Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге капиталдандыру коэффициентінің талдамасы туралы есеп;

15) секьюритилендіру кезінде меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерін есептеу туралы есеп;

16) ислам банктері ұсынатын кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы туралы есеп;

17) ислам банктері ұсынатын кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есеп;

18) ислам банктері ұсынатын тауар-материалдық қорлардың нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелдің талдамасы туралы есеп;

19) өтімділікті өтеу коэффициентінің талдамасы туралы есеп;

20) тұрақты қорландыру неттосы коэффициентінің талдамасы туралы есеп.

Қазақстан Республикасының
есептілікті ұсыну мәселелері
бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 8 мамырдағы
№ 75 қаулысына
2-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Кімге ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны мына интернет-ресурста орналастырылған:
www.nationalbank.kz

Пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-BVU_Prud_norm

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20 ____ жылғы " ____ " _____

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банк

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

(мың теңгемен)

№	Атауы	Сомасы
1	2	3
1	Меншікті капиталдың ең аз мөлшері	
2	Меншікті капитал	
3	Бірінші деңгейдегі капитал	
4	Мынадай сома ретіндегі негізгі капитал	
5	Төленген жай акциялар	
6	Қосымша төленген капитал	
7	Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	
8	Ағымдағы жылдың бөлінбеген таза кірісі	
9	Жинақталған ашып көрсетілген резерв	
10	Қайта бағалау резервтері	
10.1	Негізгі құрал-жабдықтарды және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құнын қайта бағалау резервтерін қайта бағалау резервтері	
10.2	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздардың құнын қайта бағалау резервтері	
11	Мыналарды шегергендегі негізгі капитал:	
11.1	сатып алынған меншікті жай акциялар	
11.2	гудвилді қосқанда, материалдық емес активтер	
11.3	өткен жылдардың шығыны	
11.4	ағымдағы жылдың шығыны	
11.5	кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің (гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтерге қатысты танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін қоспағанда) сомасына тепе-тең негізде төмендетілген кейінге қалдырылған салық активі (шегерілетін уақыт айырмашылықтарына қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бөлігін қоспағанда)	
11.6	басқа қайта бағалау бойынша резервтер	
11.7	активтерді секьюритилендіру бойынша транзакциялармен байланысты сатудан түскен кірістер	
11.8	осындай міндеттеме бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты қаржылық міндеттеменің әділ құнының өзгеруінен болған кірістер немесе шығындар	
11.9	қосымша капиталдан шегерілуге жататын, бірақ оның деңгейінің жеткіліксіз болуына байланысты негізгі капиталдан шегерілетін реттеуіш түзетулер	
11.10	егер банктің инвестициялары (банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызынан азы бар қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына инвестициялары) 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8, 11.9-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілетін асу сомасы	
11.11	егер банктің инвестициялары (банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызы және одан көбі бар қаржы ұйымының жай акцияларына инвестициялары) 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8, 11.9, 11.10-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілетін асу сомасы	

11.12	егер кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің (гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтерге қатысты танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін қоспағанда) сомасына тепе-тең негізде төмендетілген кейінге қалдырылған салық активінің бір бөлігі 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8, 11.9, 11.10-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілетін асу сомасы	
11.13	егер банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызы және одан көбі бар қаржы ұйымының жай акцияларына инвестициялары және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің (гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтерге қатысты танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін қоспағанда) сомасына тепе-тең негізде төмендетілген кейінге қалдырылған салық активінің бір бөлігі жиынтығында 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8, 11.9-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталы айырмасының және негізгі капиталдан шегерілетін, 11.10, 11.11, 11.12-жолдарда көрсетілген, негізгі капиталдан шегерілетін, 11.10, 11.11, 11.12-жолдарда көрсетілген сомаларға төмендетілген соманың 17,65 (он жеті бүтін жүзден алпыс бес) пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілетін асу сомасы	
12	Мына сома ретіндегі қосымша капитал:	
12.1	нәтижесінде бір мезгілде бір тұлғада қаржы активі және қаржылық міндеттеме немесе басқа тұлғаның барлық өзінің міндеттемелерін шегергеннен кейін қалған заңды тұлға активтерінің үлесіне құқығын растайтын өзге қаржы құралы туындайтын өлшемшарттарға сәйкес келетін мерзімсіз шарттар	
12.2	2015 жылғы 1 қаңтарға дейін тартылған мерзімсіз қаржы құралдары	
12.3	белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін, төленген артықшылықты акциялар	
12.4	белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келмейтін, төленген артықшылықты акциялар	
13	Мыналарды шегергендегі қосымша капитал:	
13.1	банктің меншікті мерзімсіз қаржы құралдарына тікелей не жанама тәсілмен инвестициялары	
13.2	банктің сатып алынған меншікті артықшылықты акциялары	
13.3	егер банктің инвестициялары (банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызынан азы бар қаржы ұйымының қаржы құралдарына инвестициялары) 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8, 11.9-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілетін асу сомасы	
13.4	банктің қосымша капиталдан шегерілетін, шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызы және одан көбі бар қаржы ұйымының мерзімсіз қаржы құралдарына инвестициялары	
13.5	екінші деңгейдегі капиталдан шегерілетін, бірақ оның деңгейінің жетпеуіне байланысты қосымша капиталдан шегерілетін реттеуіш түзетулер	
14	Екінші деңгейдегі капитал	
15	Реттелген борыш	
16	2015 жылғы 1 қаңтарға дейін ұлттық валютамен тартылған реттелген борыш	
17	2015 жылғы 1 қаңтарға дейін шетел валютасымен тартылған реттелген борыш	
18	Мыналарды шегергендегі екінші деңгейдегі капитал:	
18.1	банктің сатып алынған меншікті реттелген борышы	
18.2	банк инвестицияларының (инвестициялары (банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызынан азы бар қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына жиынтығында реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі	

	капиталының 10 пайызынан асатын инвестициялары) инвестициялардың жалпы сомасындағы реттелген борыштағы инвестициялардың үлесіне көбейтілген сомасы	
18.3	банктің заңды тұлғаның шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызы және одан көп пайызы бар қаржы ұйымдарының реттелген борышына екінші деңгейдегі капиталдан шегерілетін инвестициялары	
19	Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13939 болып тіркелген "Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәнін және ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 144 қаулысымен бекітілген Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесінің 10-тармағына және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерінің, шекті банк капиталының мөлшерінің 6-тармағына сәйкес реттеуші буферді есептеу кезінде ескерілетін оң айырма	
20	Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k1)	
21	Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k1-2)	
22	Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k2)	
23	Банктің дивиденд төлеуді тоқтату және акцияларды кері сатып алу бөлігінде шектеу қойылатын бөлінбеген таза кірісі	
24	Қаражаттың кастодиандық шарттың талаптарымен қабылданған, инвестицияланбаған қалдықтары	
25	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтер жиынтығы	
26	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелер жиынтығы	
27	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген туынды қаржы құралдарының жиынтығы	
28	Айрықша пайыздық тәуекел	
29	Жалпы пайыздық тәуекел	
30	Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиынтығы	
31	Айрықша тәуекел	
32	Жалпы тәуекел	
33	Базалық активі акциялар немесе акциялардың индексі болып табылатын акциялардың нарықтық құнының және туынды қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиынтығы	
34	Шетел валюталарының айырбастау бағамының (бағалы металдардың нарықтық құнының) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиынтығы	
35	Акциялардың нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиынтығы (сату мақсатында иеленген исламдық бағалы қағаздарды қоса алғанда)	
36	Тауар-материалдық қорлар бойынша нарықтық құнының өзгеруіне байланысты тәуекел жиынтығы	

37	Нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ұзын және қысқа позициялар сомасы	
38	Нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ұзын және қысқа позициялар сомасының айырмасы	
39	Ашық валюталық позициялар сомасы	
40	Нарықтық тәуекел ескеріле отырып есептелген активтер және шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер	
41	Жалпы жылдық кірістің орташа шамасы	
42	Операциялық тәуекел	
43	Бір қарыз алушының немесе банкпен айрықша қатынастармен байланысты емес өзара байланысты қарыз алушылар тобының банк алдындағы міндеттемелердің кез келген түрі бойынша жиынтық берешегі	
44	Банкпен айрықша қатынастармен байланысты емес бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті - (k3)	
45	Бір қарыз алушының немесе банкпен айрықша қатынастармен байланысты өзара байланысты қарыз алушылар тобының банк алдындағы міндеттемелердің кез келген түрі бойынша жиынтық берешегі	
46	Банкпен айрықша қатынастармен байланысты бір қарыз алушыға (қарыз алушылар тобына) келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті - (k3.1)	
47	Банкпен айрықша қатынастармен байланысты барлық қарыз алушылар бойынша тәуекелдер сомасы	
48	Банкпен айрықша қатынастармен байланысты қарыз алушылар бойынша тәуекелдер сомасының коэффициенті (Po)	
49	Тиісті қарыз алушылардың міндеттемелері бойынша бланктік қарыздың, қарыз алушы алдындағы не банктің ағымдағы және содан кейінгі екі ай ішінде қарыз алушыға талаптары туындауы мүмкін үшінші тұлғалардың пайдасына қарыз алушы үшін қамтамасыз етілмеген шартты міндеттемелердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінің бір тармағынан төмен болмайтын Standard & Poor's агенттігінің рейтингісі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің (бұдан әрі - басқа рейтингтік агенттіктер) осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар Қазақстан Республикасының резиденттеріне талаптарды және Standard & Poor's агенттігінің "A" рейтингінен төмен емес рейтингі немесе одан басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент еместерді қоспағанда, Standard & Poor's агенттігінің "A" рейтингісінен төмен емес немесе бір қарыз алушыға немесе өзара байланысты қарыз алушылар тобына қатысты басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар резидент еместерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының оффшор аймақтарда тіркелген немесе азаматтары болып табылатын резидент еместері міндеттемелерінің ең жоғарғы сомасы	
50	Бланктік кредиттің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті (Бк)	
51	Әрқайсысының мөлшері банктің меншікті капиталының 10 пайызынан асатын банктің бір қарыз алушыға келетін тәуекелдерінің жиынтық сомасы	
52	Әрқайсысының мөлшері меншікті капиталдың 10 пайызынан асатын бір қарыз алушыға келетін тәуекелдердің жиынтық сомасының коэффициенті (Рк)	
53	"Стрестік активтер қоры" акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясына берілген секьюритилендірілген кредиттердің жиынтық сомасы	
54	"Стрестік активтер қоры" акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясына берілген секьюритилендірілген кредиттердің жиынтық сомасының коэффициенті	
55	"Қазақстанның Даму банкі" акционерлік қоғамының міндеттемелері бойынша банктің тәуекел сомасы	

56	"Қазақстанның Даму банкі" акционерлік қоғамының міндеттемелері бойынша тәуекел мөлшерінің коэффициенті (Рбрк)	
57	Өтімділігі жоғары активтер	
58	Талап етілгенге дейінгі міндеттемелер	
59	Ағымдағы өтімділік коэффициенті (k4)	
60	Өтеуге дейін жеті күнге дейін қоса алғанда қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелер	
61	Өтімділік коэффициенті (k4-1)	
62	Өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, бір айға дейін қоса алғанда өтелгенге дейінгі қалған мерзімімен өтімді активтер	
63	Бір айға дейін қоса алғанда өтелгенге дейінгі қалған мерзімімен мерзімді міндеттемелер	
64	Өтімділік коэффициенті (k4-2)	
65	Өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, үш айға дейін қоса алғанда өтелгенге дейінгі қалған мерзімімен өтімді активтер	
66	Үш айға дейін қоса алғанда өтелгенге дейінгі қалған мерзімімен мерзімді міндеттемелер	
67	Өтімділік коэффициенті (k4-3)	
68	k4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған активтер:	
68.1	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
68.2	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингісі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
68.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
68.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
69	k4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған міндеттемелер	
69.1	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
69.2	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингісі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
69.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
69.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
70	Мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті (k4-4):	
70.1	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
70.2	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингісі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
70.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
70.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
71	k4-5 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған активтер:	

71.1	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
71.2	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингісі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
71.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
71.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
72	90%-ға тең конверсия коэффициентіне көбейтілген к4-5 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған міндеттемелер	
72.1	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
72.2	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингісі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
72.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
72.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
73	Мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті (к4-5):	
73.1	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
73.2	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингісі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
73.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
73.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
74	к4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған активтер:	
74.1	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
74.2	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингісі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
74.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
74.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
75	80%-ға тең конверсия коэффициентіне көбейтілген к4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған міндеттемелер	
75.1	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	

75.2	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингісі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
75.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
75.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
76	Мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті (k4-6):	
76.1	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
76.2	Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингісі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
76.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
76.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
77	Банкте есепті кезең ішінде кредиторлар алдында мерзімі өткен міндеттемелердің болуы (Иә/Жоқ)	
78	Банкте уәкілетті орган мақұлдаған іс-шаралар жоспарын банктің уақтылы орындамау фактісінің болуы (Иә/Жоқ)	
79	Бейрезиденттер алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер	
80	Бейрезиденттер алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелердің ең жоғары лимитінің коэффициенті (k7)	
81	Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын активтер	
82	Қаражаттың бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициенті	

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) _____ телефоны _____

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ қолы, телефоны _____

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

_____ қолы, телефоны _____

Күні 20__ жылғы "____" _____

Пруденциялық нормативтердің
орындалуы туралы есеп
нысанына

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есеп (индексі – 1-BVU_Prud_norm, кезеңділігі – ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 18-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 54-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды екінші деңгейдегі банктер әр айдың біріндегі жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер не есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13939 болып тіркелген "Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәнін және ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесін белгілеу туралы" 2016 жылғы 30 мамырдағы № 144 (бұдан әрі – № 144 қаулы) және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 (бұдан әрі – № 170 қаулы) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулыларына сәйкес толтырылады.

6. 1-жол № 144 қаулыға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндерінің және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесінің (бұдан әрі – № 144 нормативтер) "Банктің жарғылық және меншікті капиталының ең төмен мөлшері" 1-тарауына және № 170 қаулыға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген Пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді, банк капиталының мөлшерін есептеудің нормативтік мәндері мен әдістемелерінің (бұдан әрі – № 170 нормативтер) "Банктің жарғылық және меншікті капиталының ең төмен мөлшері" 2-тарауына сәйкес толтырылады.

7. 5-жолда № 144 нормативтерге 1-қосымшада және № 170 нормативтерге 4-қосымшада белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін ақы төленген жай акциялар бойынша мәліметтер көрсетіледі.

8. 11.7-жолда секьюритизациялау талаптарынан алынған, болашақта толық немесе ішінара күтуге байланысты болашақ кезеңдердің кірістері көрсетіледі.

9. 12.1-жолда № 144 нормативтерге 1-қосымшада және № 170 нормативтерге 4-қосымшада белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін мерзімсіз шарттар бойынша мәліметтер көрсетіледі, олардың нәтижесінде бір мезгілде бір тұлғада қаржылық актив және басқа тұлғада қаржы міндеттемесі немесе заңды тұлғаның барлық міндеттемесі шегерілгеннен қалған оның активтерінің үлесіне құқықты растайтын өзге қаржы құралы туындайды.

10. 12.2-жолда № 170 нормативтердің 12-тармағының талаптарына сәйкес мерзімсіз қаржы құралдары бойынша мәліметтер көрсетіледі.

